

Материалдары сотқа дейін протокол түрінде дайындалған қылмыстық істерді соттардың қарау тәжірибесі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1986 жылғы 20 маусым N 15, Пленумның 1986-жылғы 10-қазандағы N 19 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Материалдары сотқа дейін протокол түрінде дайындалған қылмыстық істерді қараудың сот тәжірибесін жинақтау қорытындыларын талқылап, Пленум республика соттарының осы категориядағы істер жөніндегі қызметінде елеулі кемшіліктер мен қателіктер бар екенін атап көрсетеді.

Соттар анықтау органдарынан түсетін материалдардың сапасына тиісті талап қойып отырмайды. Ал көбіне ол жасалған қылмыстың мән-жайлары мен право бұзушының жеке басын толық анықтау туралы Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 389-статьясының талаптарына сай келіп отырмайды.

Кейде сотқа дейін протокол түрінде дайындау қолданылуы заңда көрсетілмеген қылмыстар туралы істерді соттар өзіне қабылдап алып, қарайды. Заңда көрсетілген протокол түрін бұзудың басқа да жағдайларына, мәселен, тергеу әрекеттерінің жүргізілуіне (оқиға болған жерді қарап шығудан басқа), материалды сотқа дейін дайындау кезінде бұлтартпау шараларының қолданылуына, анықтау органдарының материалдарды сотқа дейін дайындаудың заңда көрсетілген он күндік мерзімін бұзуына және тағы да басқа жайларға соттар көңіл бөлмейді.

Қылмыстық іс қозғау және право бұзушыны сотқа беру туралы қаулыда (ұйғаруда) сотқа берілген адамға тағылған айып әрдайым дәл тұжырымдалып, қылмыстық заңның статьялары көрсетіліп отырғызылмайды.

Кейбір соттар материалдары сотқа дейін дайындалған істерді қарағанда процессуалдық оңайлатулықтарға жол береді.

Осы категориядағы істер көшпелі мәжілістерде сирек қаралады, анықтау органдарының қызметіндегі кемшіліктерді, сондай-ақ право бұзушылықтың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы және басқа да қажет болған реттерде жеке ұйғарулар шығарылып отырылмайды.

Облыстық және Алматы қалалық соттары аудандық (қалалық) халық соттарының осы категориядағы істерді дұрыс қарауына бақылауды жеткілікті жүргізіп отырмайды.

Орын алған кемшіліктерді жою мақсатымен және жаңа заңдарды қолдану тәжірибесінде туған мәселелерге байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Республика соттарының назары материалдары сотқа дейін протокол түрінде дайындалған істерді қарау жөніндегі өздерінің жұмысында орын алған кемшіліктерді жою, осы категориядағы әрбір істің материалдық және процессуалдық заңдар нормаларын қатаң сақтау негізінде дұрыс әрі дер кезінде қаралуын қамтамасыз ету қажеттігіне аударылсын.

2. Осы категориядағы қылмыстық істерді дұрыс қарау үшін анықтау органдарының сотқа дейінгі дайындықты мұқият жүргізуінің аса маңызы бар екенін ескере отырып, соттар түскен материалдарды қарағанда олардың сапасына және толық екендігіне ерекше көңіл аударуы тиіс. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 389-статьясына сәйкес табыс етілген материалдарда право бұзушының, көз көрген тағы да басқа адамдардың түсініктері, оның ішінде арнайы білім мен дағдыға қатысты мәселелер жөнінде білгір адамның түсінігі, право бұзушының бұрын сотталғандығы немесе сотталмағандығы туралы анықтама, оның жұмыс орнынан немесе оқыған жерінен мінездеме және істі сотта қарау үшін маңызы бар басқа да мәліметтер болу керек.

Адамның спиртті ішімдіктерді ішетіндігі немесе наркотик заттарды пайдаланатындығы туралы деректер болғанда оны алколголизмнен, наркоманиядан еріксіз емдеу туралы мәселені шешу үшін қажетті документтер материалдарға қоса тіркелуі керек.

Протоколда мыналар көрсетілуі тиіс: протоколдың толтырылған уақыты мен орны, оны кім толтырғандығы, право бұзушының жеке басы туралы деректер және жасалған қылмыстың мән-жайлары (қылмыстың жасалған орны, уақыты, тәсілі, себебі, зардаптары және басқа да елеулі мән-жайлары); қылмыстың жасалғанын дәлелдейтін нақты деректер мен право бұзушының кінәлі екендігі, қылмыстық заңның статьясы бойынша қылмыстың квалификациялануы. Протоколға барлық материалдар және сотқа шақырылатын адамдардың тізімі қоса тіркеледі.

3. Соттарға Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 388-статьясында көрсетілген қылмыстар бойынша ғана материалдарды сотқа дейін протокол түрінде дайындауға болатыны, сондықтан басқа қылмыстар бойынша материалдарды сотқа дейін дайындауды қолдану заңның елеулі түрде бұзылуы болып табылатыны, ол материалдың анықтауға немесе алдын-ала тергеуге қайтарылуына жататыны түсіндірілсін.

Осыған байланысты соттар Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 388-статьясында аталған қылмыстар бойынша материалдарды сотқа дейін дайындаудың міндетті түрде емес, тек қана қылмыстар нақты жағдайларда жасалған, право бұзушы белгілі болған, істегі нақты деректер бір-біріне қайшы келмеген реттерде мүмкін екенін ескерулері керек.

4. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 389 және 394-статьяларында белгіленген анықтау органдарының материалдарды сотқа дейін дайындауының он күндік мерзімі және осындай қылмыстық істерді соттардың қарауының он күндік мерзімі жазаны қылмыстың жасалған кезіне мейлінше жақындата түсу мақсатын көздейді. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 389-статьясында көрсетілген материалдарды сотқа дейін дайындау мерзімін ұзарту заңға негізделмеген. Мұндай жағдайда Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 390-статьясына сәйкес анықтама жүргізілу керек.

Материалдарды сотқа дейін дайындауды он күннен артық мерзімде жүргізу заңның елеулі түрде бұзылуы болып табылады, мұндай жағдайда соттың материалды анықтама жүргізу үшін қайтаруын қажет етеді.

Соттар анықтама органының материалдарды сотқа дейін дайындалуының он күндік мерзімін, право бұзушылық туралы мәлімдеме немесе хабар тіркелген күннен басталып, прокурордың материалдарды сотқа жіберу жөнінде санкция берген күнімен аяқталатынын ескеруі тиіс.

5. Соттар Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 388-статьясында көрсетілген қылмыстарды жарымжан не ақыл-есінің кемдігінен қорғану правосын өзі жүзеге асыра алмайтын адамдар немесе жасы толмағандар жасаған ретте, материалдарды сотқа дейін протокол түрінде дайындауға болмайтынын ескеруі тиіс. Мұндай істер бойынша барлық жағдайда Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 120-статьясында көрсетілген органдар алдын-ала тергеу жүргізуге міндетті.

6. Материалдарды сотқа дейін протокол түрінде дайындағанда, заң талабы бойынша, оқиға болған жерді қараудан басқа тергеу іс әрекеттерін жүргізуге болмайды, сондықтан сезіктіден, жәбірленушіден, куәлардан жауап алынса, экспертиза және тағы басқа да іс-әрекеттері жүргізілген болса, іс анықтау жүргізу үшін қайтарылуға жатады.

7. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 389-статьясына сәйкес материалдарды сотқа дейін дайындағанда право бұзушыдан анықтау органының немесе соттың шақыруы бойынша келуі және оның тұрғылықты орнын ауыстырғандығы туралы хабарлауы жөніндегі міндеттемесі алынады. Ешқайда кетпейтіні туралы қолхат, жеке басының кепілдігі немесе қоғамдық ұйымдардың кепілге алуы, қамауға алу бұлтартпау шараларын сот қана тағайындауға правосы. Материалдарды сотқа дейін дайындау кезінде бұлтартпау шараларын қолдану заңның елеулі түрде

бұзылуы болып табылады, ол соттың материалды анықтауға қайтарылуына әкеп соғады.

8. Материалдары сотқа дейін протокол түрінде дайындалған істер бойынша анықтама органы бастығының протоколды бекітпеуі, прокурордың материалды сотқа жіберу жөнінде санкциясының болмауы, протоколда қылмыстық заңның іс-әрекеті квалификацияланған статьясының көрсетілмеуі, істің барлық материалдарымен және протоколмен право бұзушының таныспауы, анықтау органдарының оқиға болған жерді қарағанда айғақты зат ретінде мәні бар құралдар мен документтерді алуға шаралар қолданбауы Қылмыстық істер жүргізу заңының елеулі түрде бұзылғаны болып табылады, осыған байланысты іс анықтауға қайтарып берілуге жатады.

9. Соттарға Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 393-статьясына сәйкес қылмыстық іс қозғау, право бұзушыны сотқа беру және істі сот мәжілісінде қарауға тағайындау туралы мәселені сот сияқты, судья да жеке өзі шеше алады деп түсіндірілсін. Егер право бұзушыға бұлтартпау шарасын қолдану, материалдарды анықтауға немесе алдын-ала тергеуге қайтарып беру не қылмыстық істі қозғаудан бас тарту қажеттігі туса, онда бұл мәселелердің шешілуін сот жарлық беретін мәжілісінде жүзеге асырады.

10. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 393-статьясына сәйкес судья немесе сот осы кодекстің 388-статьясында аталған қылмыстар туралы материалдарды сот мәжілісінде қарау үшін жеткілікті деп таныған жағдайда, қылмыстық істі қозғау және право бұзушыны сотқа беру туралы мәселені шешуге тиіс. Бұл талапты орындамау үкімнің күшін жоюға әкеп соғатын заңның елеулі түрде бұзылуы болып саналады.

11. Сотта СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Қылмыстық істерді сотта жүргізуге жәбірленушінің қатысуын регламенттейтін заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1985-жылғы 1-ноябрьдегі N 16 қаулысының 9-пунктінде келтірілген түсіндіруге сәйкес материалдары сотқа дейін протокол түрінде дайындау заңымен белгіленген істер бойынша судья (сот) қылмыстық іс қозғау және право бұзушыны сотқа беру туралы қаулысында (ұйғаруында) қылмыс арқылы моральдық, денесіне немесе мүліктік нұқсан келтірілген азаматты іс бойынша жәбірленуші деп танығаны туралы да көрсетуі тиіс.

12. Сот Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы мәселені шешкенде право бұзушылық жасалғандығы туралы материалдарды жолдастық соттың қарауына, ал право бұзушылықты жасаған адамды қоғамдық ұйымының кепілдігіне немесе еңбек коллективіне бере алады, не оны тәртіптік немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселе қоя алады.

13. Соттардың назары Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 388-статьясында көрсетілген қылмыстар туралы істер бойынша сотта іс жүргізу тәртібі,

Қылмыстық істер жүргізу кодексінің XXXV тарауында белгіленгеннен басқа, қылмыстық процестің жалпы нормаларымен анықталатынына аударылсын. Сотқа дейін протокол түрінде дайындалған материалдар бойынша қозғалған істер жөнінде сотта іс қараудың заңда көзделген тәртібінен қандай да болсын ауытқушылыққа жол берілмейді. Мәселен, сот істі қараған кезде сотталушының өзі екенін анықтауы, процеске қатысушылардың және куәлардың праволары мен міндеттерін түсіндіруі, соттың құрамына, сот мәжілісінің секретарына, прокурорға, экспертке, маманға және тілмашқа жарияланған отводтары мәселесін шешуі, істің тыңдалу мүмкіндігі туралы мәселені шешуі, процеске қатысушылардың өтініштерін шешуі, сотталушыға соңғы сөз беруі, процеске қатысушыларға сот мәжілісінің протоколымен танысу правосын түсіндіруі және өзінің ескертпелерін беру правосын түсіндіруі керек.

14. Соттар материалдары сотқа дейін протокол түрінде дайындалған қылмыстық іс сот мәжілісінде материалдар сотқа түскен күннен бастап әрі кеткенде он тәулікте қаралуы тиіс екенін ескеруі керек.

Мұндай іс бойынша сот тергеуі председательдік етушінің қылмыстық істің қозғалғандығы және право бұзушының сотқа берілгендігі туралы қаулының (ұйғарудың) көшірмесін оқып беруінен басталады.

15. Егер сот материалды (істі) қараған кезде өзіне протокол жасалған адамның жасырынғаны анықталса, сот материалды анықтауға немесе алдын-ала тергеуге жіберуге және жасырылған адамды іздеу туралы ұйғару шығарады.

16. Сотқа шақырылған адамдар, дәлелді деп танылған себептермен келмеген жағдайда, сот Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 268-статьясының 2-тармағының талабына сай, олардың материалдарды сотқа дейін дайындау кезінде берген түсініктерін жариялауға праволы деп түсіндірілсін.

17. Соттарға, заң талабы бойынша, материалдарды сотқа дейін протокол түрінде анықтау органдары дайындаған кезде қорғаушы қатыстырылмайды деп түсіндірілсін. Право бұзушы қылмыстық іс қозғалғаннан және оны сотқа бергеннен кейін қорғаушыны шақыруға праволы.

18. Сот орындаушысының баяндамасы немесе ұсынысы негізінде алимент төлеуден жалтарғаны үшін қылмыстық кодексінің 112-статьясымен қылмыстық істер қозғау практикасы заңға жатпайтынына (негізделмегеніне) соттардың назары аударылсын. Осындай істер бойынша анықтау органдары материалдарды сотқа дейін дайындауға тиіс.

19. Қалың жұртшылықтың назарын право бұзушылықтардың, қылмыс жасайтын адамдардың төңірегінде төзімсіздік пен адамгершілік айыптау мақсатында соттар, қажет болған жағдайда аталған категориядағы істерді, қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтерінің өкілдерін қатыстыра отырып көшпелі сот мәжілісінде қарап, сот процестерінің нәтижелерін кеңінен

жариялайтын болсын. Қажет болған жағдайда соттар үкімнің көшірмесін сотталушының жұмыс істейтін немесе тұрғылықты жеріне жіберуге тиіс.

20. Облыстық және Алматы қалалық соттарын аудандық (қалалық) халық соттарының материалдары сотқа дейін протокол түрінде дайындалған қылмыстық істерді қарауының сапасына талапты күшейтуі, жол берілген қателерді дер кезінде анықтау және жою, осы категориядағы істер жөніндегі сот тәжірибесін ұдайы зерттеу және талдау жасалған қорытындылардың нәтижелерін аудандық (қалалық) халық соттарының назарына салып отыру жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК